

С. К.*КАПЫШЕВА¹, Ж. А.ДУЛАТБЕКОВА², Д. Д. КАРАТАЕВ²

¹Казахский университет экономики, финансов и международной торговли

²Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ САЛЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕНДІК РЕЖИМДЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ДАМЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Еркін экономикалық аймақтар әлемдік тәжірибеге елеулі түрде қол жеткізді және дамыған және дамушы елдерде дамып келеді. Мақалада олардың қалыптасуының теориялық негіздері, салық және кеден режимдері, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтарды дамытудағы рөлі туралы көптеген мәселелер қарастырылған. Бұдан басқа, арнайы экономикалық аймақтарды дамытуда салық және кедендік жеңілдіктердің үлесі, осы аймақтардағы туристік қызметті дамыту мүмкіндігі қарастырылған. Мақалада арнайы экономикалық аймақтардағы салықтық және кедендік режимдерді жетілдіру арқылы туристік қызметтің бәсекеге қабілеттілігі артып, емдеу-сауықтыру мекемелері, емдеу мекемелері мен аурулардың алдын-алу қарастырылған.

Түйін сөздер: еркін экономикалық аймақтар, салық және кеден режимі, жеңілдіктер, туризм, туристік қызмет.

Свободные экономические зоны получили значительное распространение в мировой практике и развиваются как в развитых, так и в развивающихся странах. В статье рассматриваются многие вопросы, касающиеся теоретических основ их становления, налоговые и таможенные режимы, а также их роль в развитии СЭЗ. Помимо этого, показана доля налоговых и таможенных льгот в развитии СЭЗ, возможности развития туристской деятельности в рамках этих зон. Также показано, что посредством улучшения налоговых и таможенных режимов в специальных экономических зонах повышается конкурентоспособность туристской деятельности, развиваются лечебно-оздоровительные курорты, организации лечения и профилактики заболеваний.

Ключевые слова: свободные экономические зоны, налоговый и таможенный режим, льготы, туризм, туристская деятельность.

Free economic zones are widely spread in world practice and are developing in both developed and developing countries. The article discusses many issues related to the theoretical foundations of their formation, tax and customs regimes, as well as their role in the development of the FEZ. In addition, the share of tax and customs benefits in the development of the FEZ, the possibility of developing tourist activities within these zones is shown. The article shows that by improving tax and customs regimes in special economic zones, competitiveness of tourist activities increases, health resorts, treatment organizations and disease prevention are developed.

Key words: free economic zones, tax and customs regime, benefits, tourism, tourist activities.


Арнайы экономикалық аймаққа белгіленген шекаралары болады, белгілі бір елдің ұйымымен басқару режимімен басқарылатын және мемлекет тарапынан оларға жеңілдіктер қарастырылған ынталандырылған географиялық окшауланған жер телімімен белгіленген шекаралары бар Қазақстан Республикасыныдағы аймақ. Арнайы экономикалық аймақтарға негізінен белгіленген режим ол салық және кедендік режим. Онда кедендік және салықтық жеңілдіктері қарастырылған. Ол арнайы экономикалық аймақ Салық кодексімен, Кеден кодексімен және арнайы экономикалық аймаққа қатысты заңмен реттелетін аймақ.

Арнайы экономикалық аймақтардың (АЭА) негізгі қызметтеріне:


- АЭА қызметтеріне тартуға;
- инфрақұрылымдық нысандарды салу және АЭА төңірегіндегі қызметтеріне инвестицияларды тарту;
- АЭА төңірегіндегі нысандарды жалға беру;
- АЭА төңірегіндегі халыққа қызмет көрсетуді ұйымдастыруды сапаландыру;
- АЭА төңірегіндегі қызметтер мен іс әрекеттердің мониторингін жасау;
- АЭА төңірегіндегі мәселелермен мемлекеттің органдарымен бірге іс әрекеттер жасау және т.б.[1, 2].

Еімізде арнайы экономикалық аймақтардың қатарына келесі аймақтар кіреді, онда:

- «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймақтың орналасқан жері Астана қаласы аймағы;
- «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймақтың қарастырылған жері Маңғыстау облысы аймағы;
- «Оңтүстік» ОҚО аймағында;
- «Информациялық технологиялардың паркі» Алматы қаласындағы аймақ;
- «Павлодар» Павлодар қаласындағы;
- «Бурабай» Ақмола облысындағы;
- «Қорғас-Шығыс қапасы» Алматы облысындағы;
- «Химиялық паркі Таразы» Тараз қаласындағы;
- «Сарыарқа» Қарағанды қаласындағы АЭА;
- «Ұлттық индустриалдық мұнай-химиялық технопаркі» Атырау облысындағы АЭА.



Арнайы экономикалық аймақтардағы жеңілдіктер



1-сурет – Арнайы экономикалық аймақтардағы қызметін асыратын кәсіпорындарға қойылатын шарттар [1]

«Қорғас-Шығысының қақпасы» арнайы экономикалық аймақтың сауданы, логистиканы дамытуға бағытталғаны белгілі. Жалпы елімізде туризмді дамытуға байланысты арнайы экономикалық аймақ ретіндегі екі туристік-рекреациялық аймақ қаралсызтырлған. Оның бірі «Бурабай» АЭА, екіншісі «Астана жаңа қала». Оның ішінде тікелей туристік қызметке бағытталғаны «Бурабай» АЭА. Ал, «Астана жаңа қала» АЭА туризмнің дамуына елеулі әсер етеді. Себебі, мақсаты туристік-рекреациялық мақсаттағы нысандарды салуға бағытталған құрылыс жұмыстарына жеңілдіктер беру негізделген. Онда «Астана-жаңа қала»АЭА-ның құрылуы 2002 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2027 жылдың 01 қаңтарына дейін шектелген. 7634,71 га аумаққа жер көлемі негізделген.

Арнайы экономикалық аймақтардың ішіндегі «Бурабай» аймағы туристік-рекреациялық аймақтардың негізінде құрыған және мақсаты туризмді дамыту болып табылған [3].



2-сурет – Туристік-рекреациялық аймақ «Бурабай» АЭА ретіндегі құрудың мақсаты мен қызмет түрлері [1]

Ақмола облысы аймағы туристік-рекреациялық ресурстарға бай көне өлке. Бурабай ауданы топырағы құнарлы ат шаптыратын жайылымдықтары мен өзен көлдерімен, таусылмас орманымен және аң мен балық шаруашылығымен туристерді өзіне тарта алатын еліміздің ең көрікті туризм саласының дамуына мүмкіндік беретін аймақ. Онда: Шортан, Үлкен және кіші Шабакты мен Бурабай, Зеренді өзен –көлдерінің туризм саласында алатын орныда ерекше.



1

2

3


3-сурет – «Бурабай» ауданының арнайы экономикалық аймақ ретіндегі туристік-рекреациялық аймақтағы туристерге тартымдылықтар

Туристер үшін ең бірінші кезекте, әрине, «Әулие» көлінің ортасында орналасқан Жұмбақтастың алатын орны ерекше. Бұл тастың туризмде шын шытырман оқиғалары туристердің қызығушылығын арттырады. Көлдің ортасында орналасқан арал секілді шығанаққа туристер қызығушылықпен баруда.

Екіншіден, Әулие көлдің жағасында орналасқан «Оқжетпес» тауы. Оның да туристік-рекреациялық ресурс ретіндегі орны ерекше. Әулие көлінің сәнін келтіріп отырған рекреациялық ресурс туристердің Бурабай аймағына келідегі мақсаттарының бірі болып отыр.

Үшіншіден, осы аталғандармен қоса өзіне көріктілікті ие еткен «Бурабай» Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының алатын орны да ерекше. Онда ең үлкен танымал көлдер мен көлдердің бойында орналасқан әсем табиғаттың саябағын атап өтуге болады [4].

Сонымен қатар, Абылайхан ескерткіші мен Абылайханның тарихи өлкетану музейін және туристердің қызығушылығын басқада емдік сауықтыру мақсаттармен толықтыратын «Бурабай» курортын да ерекше атап өтуге болады.



4-сурет – 2017 жылғы «Бурабай» арнайы экономикалық аймақ ретіндегі туристік қызметке сұраныс деңгейі

«Бурабай» арнайы экономикалық аймақ ретінде қызмет етуі тоқтағанымен қазіргі таңда арнайы экономикалық аймақтың туристерді қызығушылығын арттыруда қалыс

болып отырған жоқ. Жоғарыда көріп отырғанымыздай туристік-рекреациялық аймақ ретіндегі «Бурабай» арнайы экономикалық аймағы туристердің қызығушылығын арттырумен қатар ішкі халықтың сырқа туристердің ағымыда жоғары екендігін көрсетіп отыр. Келесі кезекте «Астана жаңа қала» арнайы экономикалық аймақтың еліміздің туризм саласындағы дамуына берген әсерін талқылап көрейік.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасында орналастыру орындары бойынша туристік қызмет көрсетілген келушілердің саны

адам

Аймақтар	Жылдар			Ауытқуы	
	2015	2016	2017	+,-	%
Қазақстан Республикасы	3 802 225	4 217 782	5 279 406	1 061 624	125,2
Ақмола	226 190	300 439	341 399	40 960	113,6
Ақтөбе	83 589	84 744	100 450	15 706	118,5
Алматы	264 819	435 239	703 663	268 424	161,7
Атырау	211 756	200 003	184 353	-15 650	92,2
Батыс Қазақстан	94 461	86 868	112 321	25 453	129,3
Жамбыл	93 669	90 776	103 912	13 136	114,5
Қарағанды	258 915	241 260	292 509	51 249	121,2
Қостанай	161 259	146 590	192 174	45 584	131,1
Қызылорда	39 373	49 485	59 192	9 707	119,6
Маңғыстау	176 068	192 081	205 904	13 823	107,2
Оңтүстік Қазақстан	144 560	198 515	269 974	71 459	136,0
Павлодар	110 456	114 057	147 485	33 428	129,3
Солтүстік Қазақстан	68 213	91 016	120 847	29 831	132,8
Шығыс Қазақстан	424 336	460 878	486 157	25 279	105,5
Астана қаласы	722 832	732 764	989 205	256 441	135,0
Алматы қаласы	721 729	793 067	969 861	176 794	122,3

2016 жылды 2017 жылмен салыстырғанда туристік қызметтерге деген сұраныс 25,2 пайызға артқан. Қазақстан Республикасы бойынша ең сұранысқа ие болып отырған Алматы облысы болса (61,7% артқан), негізгі қалалар Астана (35,0% артқан) мен Алматы қаласы (22,3% артқан) бойыншада сұраныс жоғары [5].

Арнайы экономикалық аймақ ретінде құрылуы Астана қаласының туристік-рекреациялық аймақ ретінде қалыптасуын дамытуда. Онда бірнеше нысандар салынды. Ол нысандарды салған құрылыс компанияларына жер, мүлік, корпоративті табыс салығынан босатылған. Инвесторларды тарту барысындада көптеген жеңілдіктер қарастырылған. Аталған аймақтың туристік-рекреациялық нысандары ретіндегі құрылысына келетін болсақ Астана қаласында келесі нысандар бой көтерген және ол нысандар туристердің қызығушылығын арттырып, оң әсер беретініде рас. Онда: Тәуелсіздік сарайы, «Ақ Орда» ҚР резиденциясы, «Нұр Астана» мешіті, «Бейбітшілік

және Келісім сарайы», «Хазрет Сұлтан» мешіті, «Опера және балет театры», «ЕХРО -2017» халықаралық көрмесі ғимараттарын және тағыда басқа әсем Астана көркін келтіретін ғимараттар бас көтерді. Ол әсем көріктілік «ЕХРО -2017» халықаралық көрмесін өткізуге үлкен септігін тигізді. Сонымен қатар, бірнеше зауыттар мен индустриалдық парктің де бой көтеруіне септігін тигізді.

ӘДЕБИЕТ

1 Русакович В.И. СЭЗ как фактор интеграции стран Азии в мировую экономику: реалии XXI века / Глобализация: влияние на страны Азии. Ежегодник. – М.: РУДН, 2015.

2 Ковалева Г.Д. СЭЗ: терять или приобретать? А может быть, последовать опыту соседей? // ЭКО. – 2014. – № 6. – С.124-141.

3 «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы /mid@mid.gov.kz

4 Капышева С.К. Еуразиялық экономикалық одағында кедендік бақылауды жетілдіру жолдары. Астана: 2016 ж.– 89 б.

5 Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты. Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://stat.gov.kz>